

# НҮРЛЫ ЖОЛ

Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№87 (3352), сәрсенбі,  
29 октябрь, 2025 жыл

## ӨЗБЕКСТАН МЕН СЕРБИЯ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДА ЖАҢА БАҒЫТ ЖӘНЕ ҮЛКЕН МҮМКІНДІКТЕР ЖОЛЫ АШЫЛУДА

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың шақыруына орай Сербия Республикасының Президенті Александр Вучич ресми сапармен елімізде болып тұр.



Бүгінгі таңда Өзбекстан мен Сербия арасындағы қарым-қатынастар жаңа мазмұнға ие болуда. Екі ел арасындағы сұхбат тек екіжақты ынтымақтастық шеңберінде ғана емес, сонымен қатар кең аймақтық байланыстар жүйесінде де маңызды орын алады.

Бұл қатынастар Өзбекстанның теңгерімді әрі прагматикалық сыртқы саясатының айқын көрінісі. Соңғы жылдары еліміз дәстүрлі ынтымақтастармен шектеліп қалмай, географиялық тұрғыдан алыс, бірақ экономикалық және мәдени жағынан жақын мемлекеттермен де байланыстарды кеңейтуге ерекше мән беріп

келеді. Сербиямен жақындасу — осындай ұстанымның нақты көрінісі. Бұл саясат тек экономикалық мүдделерге ғана емес, сонымен қатар аймақтар арасындағы саяси тұрақтылық пен дипломатиялық теңдікке де қызмет етеді.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, Өзбекстан — Сербияның ынтымақтастығы екі тарап үшін де жаңа базарлардың есігін ашады. Машинажасау, фармацевтика, ақпараттық технологиялар және агроөнеркәсіп саласындағы серіктестік жобалар экономикалық интеграцияның маңызды механизміне айналмақ.

Болашақтағы ынтымақтастық ба-

ғыттары тек экономикамен шектелмейді. Білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларындағы бірлескен бағдарламалар халықтар арасындағы достық пен өзара сенімді нығайтады. Бұл үдерісте Өзбекстанның сыртқы саясат ашық ұстанымы айқын көрініс табады.

28 октябрь күні жоғары мәртебелі қонақ “Жаңа Өзбекстан” саябағына барып, Тәуелсіздік монументіне гүл қойды.

Кешенмен қысқаша танысу барысында Сербия делегациясының өкілдеріне бұл ансамбльдің мазмұны мен сәулеттік шешімдері жөнінде ақпарат берілді.

“Жаңа Өзбекстан” саябағы мен Тәуелсіздік монументі еліміздің тәуелсіздігінің отыз жылдығына орай салынған. Үш мың жылдан астам уақыт — Отанымыз аумағындағы ұлттық мемлекеттілік тарихының терең тамырын көрсетеді. Монументке назар аударған адам осы бай тарихтың көркем бейнесін көреді.

Жоғары мәртебелі қонақтар мен шетелдік ресми делегациялар елімізге келген сайын осы монументке гүл қою дәстүрге айналған.

Делегация мүшелері кешенде бейнеленген ғалымдар, ұлы қолбасшылар мен жаһангерлер, жәдид балаларымыздың бейнелеріне ерекше қызығушылық танытты. Бейбітшілік, еркіндік және ізгілік рәмізі болып табылатын Хумо құсының бейнесі ансамбльдің нағыз гүлі іспетті ерекше атап өтілді.

Содан соң Көксарай резиденциясында елімізге ресми сапармен келген Сербия Республикасының Президенті Александр Вучичті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев жоғары мәртебелі қонақты шынайы қарсы алып, құрмет мінберіне шақырды.

Екі мемлекеттің әнұрандары орындалды. Әскери оркестр әуенімен мемлекет басшылары құрмет қаруылы сапының алдынан өтті. Ресми делегациялар мүшелерімен амандасты.

Сон Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Сербия Республикасының Президенті Александр Вучичтің ресми делегациялар қатысуындағы келіссөздері өтті.

Өзбекстан мен Сербия арасындағы іс жүзіндік ынтымақтастықты одан әрі нығайту болашағы қаралды.

Мемлекетіміз басшысы Сербия жетекшісін шын жүректен құттықтай отырып, бұл кездесудің екі ел ынтымақтастығы тарихындағы бірінші саммит ретінде тарихи маңызға ие

болатынын және Өзбекстан — Сербия қатынастарын сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеретінін атап өтті.

— Дипломатиялық қатынастар орнағанына 30 жыл толып отырған жылдағы ресми сапарыңыз тарихи оқиға. Өзбекстанда Сербияға үлкен ілтипатпен қарайды. Халқымызды берік достық байланыстары мен ұқсас менталитет біріктіреді, — деді Өзбекстан Президенті.

Келіссөздер барысында тауар айналымын ұлғайту, машинажасау, фармацевтика, химия өнеркәсібі, ақпараттық технологиялар мен цифрландыру, агроөнеркәсіп кешені, туризм, тағы басқа да маңызды салаларда кең ауқымды ынтымақтастық бағдарламасын дайындау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

“Орталық Азия — Балқан” бағыты бойынша, соның ішінде Транскаспий дәлізі аясында жаңа көлік дәліздерін дамыту маңыздылығы атап өтілді.

Ынтымақтастықтың экономикалық күн тәртібін ілгерілету мақсатында келесі жылы Ташкент қаласында Үкіметаралық комиссияның бірінші жиналысын өткізуге келісілді.

Реттелген еңбек миграциясы, мәдени-гуманитарлық және білім беру салаларындағы ынтымақтастық мәселелері де қаралды. Жетекшілер аймақтық және халықаралық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша да пікір алысты.

Ташкент қаласында өткен келіссөздердің қорытындысы бойынша Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен Сербия Республикасының Президенті Александр Вучич Бірлескен декларацияға қол қойды.

Мемлекет басшыларының қатысуымен үкіметаралық және кеңесаралық құжаттар топтамасын қабылдау рәсімі де өтті. Атап айтқанда:

— Инвестицияларды өзара ынталандыру және қорғау туралы келісім; — Экономикалық ынтымақтастық туралы келісім;

— Медициналық қызметтер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Инженерлік, озық технологиялар, жасанды интеллект және өзге де түрлес салалардағы ынтымақтастық туралы келісім;

— Дипломатиялық кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы мәлімдеме;

— Сыртқы істер министрліктері арасындағы ынтымақтастық бойынша 2026-2027 жылдарға арналған бағдарлама;

— Еңбек миграциясы саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум;

— Спорт және дене тәрбиесі саласындағы ынтымақтастық туралы мәлімдеме; — Ташкент және Белград қалалары арасында серіктестік қатынастар орнату туралы келісім.

Өзбекстан мен Сербия арасындағы жоғары деңгейдегі келіссөздердің қорытындысында Көксарай резиденциясында ағаш отырғызу рәсімі өтті.

Құрметті қонақтар аллеясында Президенттер Шавкат Мирзияев пен Александр Вучич елдеріміз бен халықтарымыз арасындағы достық пен серіктестік қатынастарды нығайтуға, екіжақты байланыстар тарихында жаңа бет ашуға деген ортақ ұмтылыстың белгісі ретінде ағаш отырғызды.

Сербия Республикасының Президенті Александр Вучичтің елімізге ресми сапары жалғасуда.

**З.ЖОНИБЕКОВ,  
И.АВВАЛБОВЕ,  
Өза-ның тілшілері.**

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

## КІТАП – АҚЫЛЫНА АҚЫ СҰРАМАЙТЫН ҰСТАЗ

**Ұлы ойшыл, ақын Өлішер Науаи кітапқа осылай баға беріп, оны білім мен рухани жетілуге жетудің ең басты қайнар көзі деп таныған еді.**

Халқымыздың бірнеше мың жылдық тарихында және екі қайта өрлеу дәуірінде де әлемдік ғылым мен өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ғалымдарымыздың өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметінде кітаптың қаншалықты маңызды орын алғанын жақсы білеміз. Дәл сол ұлы тұлғалардың бай рухани мұрасы өздері жазған және пайдаланған кітаптар арқылы бүгінге дейін жетіп, ғасырлардан ғасырға өтіп, адамзат өмірін нұрландырып келеді.

Бүгінгі қарқынды дәуірде заманауи ақпараттық технологиялар өмірімізге белсенді түрде еніп, тек ғылым мен білім салаларында ғана емес, күнделікті тұрмысымыздың барлық саласында кенінен қолданылуда. Бұл — табиғи құбылыс, әрине. Өйткені қазіргі даму үдерісін ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес. Бірақ осы мүмкіндіктер мен қолайлылықтарды дұрыс бағыттай білсек, оларды тиімді пайдалансақ, кітап оқуды кенінен насихаттауға және кітапқа деген қызығушылықты арттыруға да жол аша аламыз. Мемлекет басшысы кітап оқитын,

өзін-өзі дамытуға ұмтылатын адам қанат біткендей болады, ол бейжай болмайды, білімді, күшті болады деп атап өткен. Сондықтан балаларды балабақша жасынан бастап шағын кітаптарға үйретіп, бастауыш сыныптардан кітап оқуға баулу арқылы оларды кітапсүйер етіп тәрбиелеу қажет деген еді. Шынында да, кітап оқу — адамзат руханиятының айнасы. Кітап оқыған адам еркін ойлайды, дүниетанымы кеңейеді, ақыл-парасаты жетіледі, рухани байлығы қалыптасады. Ал егер бүкіл халық кітап оқитын болса ше? Ондай халық, ондай ұлт ұлы істерге қабілетті болады, рухы биік елдің мемлекеті де өркендейді, дамиды.

Сол себепті Президентіміз Шавкат Мирзияев мемлекет басшысы ретіндегі қызметінің алғашқы жылдарынан бастап бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. Бұл бағытта ол өзі де үлгі көрсетті — шетелге жасаған ресми сапарларында сол елдің әдебиетінің құнды шығармаларының аударма нұсқаларын сыйға тарту дәстүрге айналды. Сондай-ақ елімізге келген беделді қонақтарға ең қымбат сый ретінде кітаптар тарту еті-

луде. Президент бастамасымен түркі халықтарының әдеби мұраларынан тұратын 100 томдық құнды жинақ жарық көрді.

Кітап және кітап оқу мәдениеті жайлы сөз қозғағанда, Президентіміздің 2017 жылғы 13 сентябрьде қабылдаған “Кітап өнімдерін басып шығару мен тарату жүйесін дамыту, кітап оқу және кітап оқу мәдениетін арттыру мен насихаттауға бағытталған кешенді іс-шаралар бағдарламасы туралы” қаулысын ерекше атап өткен жөн.

Аталған қаулы арқылы бекітілген кешенді бағдарламада бірқатар маңызды міндеттер белгіленген. Атап айтқанда, ақпараттық кітапхана қызметін күшейту, білім беру мекемелеріндегі ақпараттық-ресурс орталықтарының қорларын, кітапханаларды, ұйымдар мен мекемелердің “Руханият бөлмелерін” оқу-әдістемелік, техникалық, көркем-әдеби, ағартушылық және ғылыми-бұқаралық кітапхана орталықтарындағы барлық ақпараттық ресурстардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру, сондай-ақ басқа кітапханалардан да сол базаға қосылуға мүмкіндік жасау, ауыл тұрғындарына кітапхана қызметін ұйымдастыру сияқты міндеттер жүктелген еді.

Дәл осы қаулы арқылы кітап оқу мен кітап мәдениетін арттыруға арналған насихат жұмыстарын жүйелі әрі тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ “Ең кітапсүйер мектеп”, “Ең кітапсүйер махалла”, “Ең кітапсүйер отбасы”, “Ең белсенді кітапханашы” сияқты байқауларды өткізу дәстүрге айналды.

Бүгінде бұл міндеттердің іс жүзіне асып жатқанына, аталған байқаулардың жастар мен жалпы халық арасында дәстүрлі сипат алғанына бәріміз куәміз.

Жаңа Өзбекстанда халықтың кітап оқу мәдениетін арттыру қозғалысы жаңа басталған кезден мемлекет басшысы “халықтын, әсіресе жастардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру үшін, қажет болса, көлік беріп болса да, кітап оқуға үйретеміз” деген еді. Бұл жай ғана ұран емес екенін бүгінде жұртымыз жақсы біледі — жыл сайын республика көлемінде “Жас кітапсүйер”, “Кітапсүйер отбасы” байқауларына қатысқан ашыл-салтанаттына қатысқан сәтімде, осы ойлар менің санамнан өтті. Мемлекет басшымыздың

сегіз жыл бұрын бастаған ізгі бастамасы бүгінде тек астана мен облыс орталықтарында ғана емес, ауыл-аймақтарда да кенінен көрініс тауып отырғанын сезіндім.

Шараға қатысқан Самарканд облыстық ақпараттық кітапхана орталығының басшысы Зейнолла Шодиева атап өткендей, 600 мыңнан астам тұрғыны бар Үргіт ауданында қазіргі таңда ресми түрде кітапханаларға тіркелген оқырмандар саны шамамен 20 мың адамды құрайды. Әрине, кітап оқитын, бірақ ресми тіркелмегендер бұдан әлдеқайда көп шығар, дегенмен бұл көрсеткіштің өзі қуантарлықтай емес.

Бір кездері назардан тыс қалған аудандық және мектеп кітапханалары бүгінде жаңа әдебиеттермен толықтырылды, электрондық жүйе арқылы астанамыздағы Ұлттық кітапханамен байланыс орнатылды, — деді З.Шодиева. — Енді әрбір оқырман өз тұрғылықты жеріндегі кітапханаға барып, Өзбекстан Ұлттық кітапханасындағы әдебиеттерді пайдалану мүмкіндігіне ие. Ең бастысы, халқымыздың кітапқа деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігі. Жыл сайын оқырмандар қатарының артуы да осы махаббаттың күшейіп келе жатқанының айғағы. Ауылдық жерлерде осындай кітапханалардың ашылуы тұрғындардың кі-



тап оқу мәдениетін арттыруға зор ықпал етеді. Біз, облыстық ақпараттық кітапхана орталығының ұжымы, Дехноободта ашылған осы жаңа кітапхананы өзіміздің аумақтық бөліміміз деп есептейміз және оны тұрақты түрде жаңа әдебиеттермен қамтамасыз етіп, әдістемелік көмек көрсетіп отырамыз.

Науаи тау-кен металлургия комбинаты кітапхананы заманауи компьютерлермен қамтамасыз етіп, интернет арқылы Науаи мемлекеттік тау-кен және технология университетінің кітапханасымен байланыстырды. Университет өкілдерінің айтуынша, бұл қадамның басты мақсаты — пайдалы қазбаларға бай Үргіт ауданындағы жастарды тау-кен ісі мамандығына қызықтыру және осы бағытта бастапқы дағдыларды қалыптастыру.

Бұл игі бастама жайлы естіген Өзбекстан Махаллалар бір-

лестігінің басшылығы да қолдау білдіріп, кітапханаға он шақты компьютер жиынтығын сыйға тартқан және осындай бастамаларды ел бойынша кенінен тарату ниетінде екен.

Кітапхананың ашылу рәсіміне Самарканд облысы әкімінің орынбасары Хусан Тухтаев, Самарканд мемлекеттік университетінің ректоры, Сенат мүшесі Рустам Холмуродов, “Халқ сузи” және “Народное слово” газеттерінің бас редакторы Уткир Рахмат, “Тасвирий ойна” шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Исфандияр Латипов және басқа да қоғам қайраткерлері қатысып, халқымыздың кітап оқу мәдениетін көтерудегі жұмыстарды жоғары бағалап, бұл бастаманың халық арасында кітап оқуды насихаттауға зор серпін беретінін атап өтті.

**Ғ.ХАСАНОВ,  
Өза-ның тілшісі.**

Ынтымақтастық

# ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

**Үстіміздегі жылғы 27-28 октябрь күндері Самарқант қаласында UNESCO, Мәдениет және мәдениетті дамыту қоры, сондай-ақ Жастар істері агенттігінің ұйымдастыруымен 14-UNESCO Жастар форумы өтті. Оған 100-ден астам мемлекеттен жас жетекші, сарапшылар мен ресми делегаттар қатысты.**

Бұл Жастар форумы бүкіл әлемнен келген жас жетекшілерді бір арнаға жинады. “Климат өзгеруі және оның әлеуметтік әсері, әсіресе жастар үшін” тақырыбына арналған халықаралық ірі конференция UNESCO және Өзбекстан үкіметінің ынтымақтастығында ұйымдастырылды.



Форумның мақсаты — жастардың климат өзгеруіне қарсы күреске белсене қатысуын қолдап-қуаттау, олардың идеяларын жаһандық деңгейде алға тарту және тұрақты болашақты қалыптастыруда олардың даусын күшейту.

Конференция қарсаңында,



яғни 26 октябрь күні қатысушылар үшін Самарқанттың мәдени саяхаты және интербелсенді “Icebreaker” байқауы ұйымдастырылып, Өзбекстан Өнер және мәдениет қорының бастамасымен “Бауырмалдық келмесі” атты халықаралық өнер жобасына арналған концерт өтті. Бұл жоба түрлі елдердің балаларын өнер арқылы достық, тыныштық пен мейірім идеяларында біріктіреді.

Форумның ашылу рәсімінде UNESCO-ның табиғи пәндер бойынша Бас директорының орынбасары Лида Артур Бри-то, Өзбекстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің эконо-

мика және туризм департаменті басшысының орынбасары Е.Нажимов, Өзбекстан Республикасы Жастар істер агенттігінің директоры Алишер Саъдуллаевтар форумның “Generation of Action” (Козғалыстар ұрпағы) ұранымен өтіп жатқан рәсімінде сөз сөйлеп, жастардың климат бойынша алға тартып жатқан бастамалары, инновациялық идеялары, сондай-ақ олардың жаһандық климат саясатындағы орны туралы пікірлерін айтты.

Форум аясында Нигерия, Египет, Испания, Боливия, Бразилия сынды бірқатар мемлекеттерден келген климат жетек-

шілері өздерінің идеялары, стартаптары мен қоғамды өзгертуге бағытталған жобаларын ұсынды.

Шараның екінші күнінде қатысушылар “Youth Recommendations and Calls to Action” (Жастар үшін ұсыныстар мен қозғалысқа шақырулар) сессияларына қатысып, климаттың өзгеруіне қарсы күрес және тұрақты даму бағыттарында өз ұсыныстарын жасады. Бұл құжат кейіннен UNESCO-ның Бас конференциясына жастардың ұсыныстары ретінде беріледі.

Форумның соңғы бөлімінде қатысушылар өздерінің алған әсерлерімен бөлісіп, бірге шығарған қорытынды қаулыларын ұсынды. Шара соңында “Musical Evening” (Музыкалық кеш) — музыка және мәдениет кеші ұйымдастырылып, кеш халықаралық достық пен мәдени алмасу рухымен аяқталды.

Осы беделді Форум Өзбекстанның жастар саясаты мен халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы белсенділігін тағы да бір рет дәлелдеді. Соңғы жылдары мемлекет UNESCO-мен ынтымақтастықта білім, мәдениет, цифрлы инновациялар және жастар саясаты бағытында бірқатар ірі жобаларды жүзеге асырып келеді. Ал Самарқанттағы 14-Жастар Форумы бұл ынтымақтастықтың жаңа басқышы болып, Өзбекстан жастарын жаһандық деңгейдегі қаулылар үдерісіне белсенді жұмылдыруда маңызды адым болады.

## Пресс-тур

# ЖАҢА ӘЛЕУЕТ, ЖАҢА ҚАРҚЫН

**Алмалық кен-металлургия комбинаты акционерлік қоғамы еліміздегі өндірістік әлеуеті жағынан көлемді әрі алдыңғы қатарлы ірі өнеркәсіп орындарының бірі саналады. Тек елімізде ғана емес, экспорттық әлеуеті жағынан шетелдерде де өзіндік беделі бар өнеркәсіп орнының өндірістік қуаты да жыл сайын арта түсуде. Соның бірі “Алмалық КМК” негізінде құрылған 3-Мысты байыту фабрикасы.**

3-Мысты байыту фабрикасының құрылыс жобасы әлемнің ең озық технологиялары мен жоғары сапалы стандарттарын қолдай отырып жүзеге асырылды. Ол саладағы ең ірі және стратегиялық маңызға ие өнеркәсіп нысандарының бірі саналады.

Жуырда фабрикада еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін пресс-тур ұйымдастырылды. Бастапқыда журналистер үшін “3-МБФ жана өнеркәсіп жеңісі” атты фильм ұсынылды. Фильмде фабрикадағы бүгінге дейін жүргізген жасампаздық істері бейнеленген.

Айта кетерлік жайт, 2021 жылдың 29 июлі күні Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияев Алмалық кен-металлургия комбинатының негізінде түсті және бағалы металдар өндірісін кеңейту барысындағы істермен танысқан болатын. Иссапар аясында еліміздің кен өнеркәсібіндегі ең ірі болған “Ешлик 1” кенін игеру жобасының аясында жаңа қуат 3-Мысты байыту фабрикасының іргетасы қаланды. Әлемдегі ең ірі кен-металлургия өнеркәсібі кешен-

мың тоннаға жуық мыс концентратын өндіруде.

— Негізгі өндірістің бақылауы бағдарлама арқылы жүзеге асырылады, — дейді 3-Мысты байыту фабрикасының бас инженері Исмоилхон Вохобов. — Мұны басқаруда шетелдік Қазақстан, Германия, Иран, Түркия сынды елдерден мамандар жұмылдырылып, қазірде кадрларға басқышпа-басқыш үйретілуде.

Айта кетерлік жайт, үстіміздегі жылғы 30 март күні фабрикада бірінші мыс концентраты табысты өндірілді. Бұл жобаның басқышпа-басқыш және жоғары сапамен жүзеге асырылып жатқанының дәлелі.

Фабриканың жұмыс үдерісімен танысу барысында журналистер Мысты байыту фабрикасының Орталық диспетчерлік басқару пунктінмен, фабриканың баска да нысандарын аралады. Сондай-ақ ірі майдаланған руда қоймасына (СКДР) орталық конвейер арқылы руданы қабылдау үдерісін көрді. Мұнда қазіргі күнде Ешлик-1 кенінен қазып алынған 1,3 миллион тоннадан астам



жүйе кәсіпорнының бүкіл технологиялық циклын — руданы циклды-ағымды тасымалдау және оны майдалаудан бастап, байыту, сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ қоқыстарды өз орнына алып кету үдерістеріне дейін қамтиды. Ал мұның бәрі жоғарыда айтқан Орталық диспетчерлік басқару пунктінен бүкіл технологиялық циклмен қатар бақыланып отырады.

— Орталық диспетчерлік пунктінде фабриканың іскі қосылу және тексеру үдерісі жүргізілуде, — дейді 3-Мысты байыту фабрикасының сектор басшысы Акмалжон Жамоллидинов. — Фабриканың бір бөлігі іске қосылған, бір бөлігінде тексеру үдерісі қалай, қай тәртіппен жүргізіледі, бағдарламашылар тарапынан бағдарлама жазылады, қондырғылардың қауіпсіз жұмыс істеу автоматикасы адам факторынсыз өзін-өзі басқару үдеріс тексеріледі. Сондай-ақ учаскелермен байланысып отырамыз. Онда біз сұраған қондырғылар ажыратып беріледі, ал біз сол сияқты қондырғылардың бірнешеуін күн бойы тексеруден өткізіп, технологиялық үдерісті автоматты басқаруға шығарамыз. Түбегейлі бір басқышты, яғни майдалаудан бастап дайын өнім алуды автоматты үдеріске жеткізсек, өндірісте адам факторын азайтсақ, өндірістің әлеуетін арттыруға өз үлесімізді қосқан боламыз. Біздің басты мақсатымыз да осы.

Сонымен қатар энергия жұмсалуды, руда жұмсалуды, сумен қамтамасыз ету және жәрдемші учаскелердің қызметі бойынша барлық мәліметтер бірегей экранда көрініп тұрады. Сондай-ақ негізгі көрсеткіштерді — энергияның жұмсалу көлемінен бастап двигатель подшипниктерінің температурасына дейін реттеуге. Мұндай бақылау қауіптерді дер кезінде анықтауға жәрдем береді, тоқтап қалу ықтималын азайтады және өндірістің нәтижелілігін артты-

рады. Жүйе өндірістің барлық басқыштарын автоматты режимде басқарады, сондай-ақ бұл аумақтағы бірегей жоба болып табылады. Фабрика толық қуатына шыққаннан соң, мұнда 3 670-тен астам жаңа жұмыс орны ашылады. Қазіргі уақытта мұнда 1 250 жұмысшы-қызметкер жұмыс жүргізуде, олардың басым бөлігі 35 жасқа дейінгі жас маман. Олар “Инженерлер мектебі” және Алмалық кен-металлургия комбинатының құрамдық бөлімдерінде практикада болып, біліктілігін арттыруда. Жаңадан ашылған әрі қуаты мен әлеуеті жоғары болған фабрикада жұмысшы-қызметкерлердің арасында қыз-келіншектер де айтарлықтай басым көрінеді. Фабриканың Әйелдер және ген-

## Нәтиже

# ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Жызақ қаласындағы алғашқы ірі MALL – “КӨК САРАЙ” өз жұмысын бастады. Жызақ қаласының “Маданият” махалласының аумағында “KOK SAROV RESIDENT CITY” жауапкершілігі шектеулі қоғамы – MALL ірі сауда кешенінің құрылысын жүргізді. Құрылыстың жалпы аумағы 3,5 гектарды құрайды.**

Жобаның бірінші кезеңі аясында 25 мың шаршы метр аумақта сауда және тұрмыстық қызмет көрсетуге арналған заманауи коммерциялық кешен салынды. Ғимараттың 1-3 қабаттарында 300 дүкен жұмыс істейді. 4-қабатта 5 сауда орталығы, 10 мейрамхана және 30 түрлі аттракционы бар 10 балалар ойын алаңы орналасқан. Сондай-ақ заманауи үлгідегі асыл тастар, алтын-күміс бұйымдары жиналған сауда орталығында 20-ға жуық зергерлік дүкен бар.

Кешен манындағы 1 гектар аумақта 800 көлікке арналған заманауи тұрақ салынып бітті. Бұл тұрғындар мен келушілерге үлкен қолайлылық туғызады. 850 азаматты, соның ішінде 100-ге жуық әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасы өкілдерін жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін жоба аясында 500-ге жуық жаңа кәсіпкерлік субъектісі құрылды.

Кешен нәтижесінде жыл сайын 223,2 миллиард сумдық қызмет көрсетіліп, оның 750 миллионы ай сайын жергілікті бюджетке, ал жыл сайын 9 миллиард қаржымен толықтырылады.

Жобаның екінші кезеңі 3,6-ға (құрылыс алаңы 11 000 шаршы метр) 1000 сауда нүктесі бар 3 қабатты “Эко базар” құрылысын қамтиды. Бұл кезең аяқталғаннан кейін 2400 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

“KOK SAROV RESIDENT CITY” сауда кешенінің ашылуы аясында жұртшылыққа концерттік бағдарламалар ұсынылды.

Р.ТҮЗЕЛҰЛЫ

## Болашақ логопедтерді дайындау

# ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

**Бүгінгі таңда әлемде сөйлеу кемістігі бар балалармен жұмыс істеуде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдануға көп көңіл бөлінуде. Ғылыми-зерттеу мекемелері логопедтердің қызметін жетілдіруге, балалардың әлеуметтенуіне және дамуына көмектесетін модульдік оқыту технологияларын жасау үстінде.**

Өзбекстанда да соңғы жылдары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін заманауи жағдайлар жасалды. Инклюзивті білім беру жүйесі жетілдірілуде, ғылыми және инновациялық қызмет қолдау табуда. Бұл үдерісте логопедия саласы да жаңаша тәсілдерді қажет етеді.

Болашақ логопедтерді даярлауда интегративті әдістерді қолдану — пәнаралық байланысқа негізделген тәсіл. Логопед студенттер сөйлеу кемістіктерінің түрлері мен себептерін біліп қана қоймай, психология, физиология, анатомия және педагогика ғылымдарымен байланысты білімдерді де меңгеруі қажет.

Логопедтің міндеті — баланың сөйлеу кемшілігін жоюмен қатар, оның жеке дамуына оң әсер ету. Болашақ логопед жалпы анатомия мен физиологияны, сөйлеу механизмдерін, бас миында сөйлеу үдерісінің ұйымдастырылуын, сөйлеу әрекетіне қатысатын талдағыштардың құрылысы мен жұмысын білуі қажет. Сөйлеу бұзылыстарының механизмдерін түсіну және түзету үдерісінің заңдылықтарын анықтау үшін жоғары психикалық функциялардың динамикалық оқшаулануы, санада сөйлеудің қалыптасуы туралы білім қажет болады.

Егер студенттер оқу үдерісінде ғылым мен тәжірибені үйлестіре отырып білім алса, бұл олардың кәсіби дайындығын едәуір арттырады. Интегративті әдістер осы тұрғыдан маңызды, олар студентті тек теориямен ғана шектеп қоймай,

практикалық қызметке де дайындайды.

Сөйлеу кемістіктерінің негізгі түрлеріне тұтығу, дизартрия және ринолалия жатады. Бұл жағдайлардың әрқайсысының әртүрлі себептері бар, оларды жою үшін логопедтен күрделі білім мен парасаттылық талап етіледі. Мысалы, тұтығып — сөйлеу аппараты бұлшықеттерінің түйілуімен байланысты болса, дизартрия — мидағы органикалық зақымдану нәтижесінде пайда болады. Ринолалия — бұл анатомиялық ақауларға байланысты дауыс тембрі мен дыбыс айтудың өзгеруі.

Атақты нейропсихолог А.Лурия атап өткендей, ми қызметі үш негізгі блоктан тұрады: бірінші блок — сергектік пен тонусты қамтамасыз етеді; екіншісі — сезімдік ақпаратты өңдейді; үшіншісі — қызметті жоспарлау және бақылау. Осы жүйені түсіну логопедке сөйлеу бұзылыстарының механизмдерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, болашақ логопедтің кәсіби жетілуі тек сөйлеуді түзету дағдысымен шектелмейді. Ол баланы сезіну, тыңдау және онымен қарым-қатынас жасау қабілетіне ие болуы керек. Өйткені нағыз логопед — тек түзетуші маман ғана емес, баланың даму жолында серік болған мейірімді педагог.

**Севара АЧИЛОВА,**  
**Шыршық мемлекеттік педагогика университеті,**  
**педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.**

Тіл — ұлттың рухани байлығы

# ӨНЕР МЕН ШАБЫТҚА ТОЛЫ СӘТТЕР

Бүгінде еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға, соның ішінде өзбек тілінің мәртебесін арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Мемлекет басшысы мен Үкімет деңгейінде қабылданған бірқатар стратегиялық бағдарламалар тіл саясатын жаңа сатыға көтерді.



“Мемлекеттік тіл туралы” за-нын жаңғырту, Тіл саясатын 2030 жылға дейін дамыту кон-цепциясы, сондай-ақ “Mat-lakatda davlat tilini rivojlantirish departamenti” қызметінің күшеюі — осы бағыттағы ілгері қадам-ның айғағы. Бұл құжаттар тек тілдің қолдану аясын кеңейтуге ғана емес, сонымен қатар оны заманауи ғылым мен технология тіліне айналдыруға, жас ұрпақ-тың тілдік мәдениетін қалыптас-тыруға бағытталған.

Мемлекет тарапынан бүгінде көптеген нақты жұмыстар атқа-рылып жатыр. Атап айтқанда, мемлекеттік мекемелер мен бі-лім беру мекемелерінде іс қағаз-дарын толық өзбек тілінде жүргі-зу жүйелі түрде жолға қойылды, тіл мәдениетін арттыру бойын-ша республикалық оқыту орта-лықтары мен онлайн платфор-малар іске қосылды, мектеп және жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді тереңдетіп оқытуға арналған жаңа оқу бағ-дарламалары мен әдістемелер жасалды, шетелдерде өзбек ті-лін үйрету орталықтары ашы-лып, түркі әлемі мен халықара-

лық қауымдастық арасында тілдің беделін көтеру жұмыста-ры жүргізілуде, “O‘zbek tili va adabiyoti” журналы, сондай-ақ “Til va madaniyat” медиа-плат-формасы сынды жобалар арқы-лы қоғамда тілге деген сүйіспен-шілік пен жауапкершілік сезімін арттыру ісі кең өріс алды.

Жуырда Ташкент облысының Аққорған ауданындағы №23 жалпы орта білім беретін мек-тепте Өзбек тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне 36 жыл то-луына орай “Өзбек тілі — ұлттың намысы” атты ұранмен өткен салтанатты жиынға облыстық және аудандық Халық депутат-тары Кеңесінің өкілдері, мәдени-ет бөлімі қызметкерлері, мек-тепке дейінгі және мектепте бі-лім беру саласының маманда-ры, ұстаздар мен оқушылар, сондай-ақ кең жұртшылық өкіл-дері қатысты.

Шараны аудан әкімі Тура Бо-болов ашып, қатысушыларды және қонақтарды айтулы мере-кемен шын жүректен құттықта-ды. Өз сөзінде ол өзбек тілінің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың рухани байлығы,

мәдени болмысы мен тарихи жадын сақтаушы күдіретті күш екенін атап өтті. Әкім сондай-ақ тілге деген құрмет пен сүйіспен-шілікті жас ұрпақтың бойына сі-ңіру — әрбір азаматтың борышы екенін айтты.

Мерекеге жиналған жұртшы-лық алдында мектеп оқушылары мен жас өнерпаздар өз өнерле-рін паш етті. Олар ана тілді дәріп-теген өлеңдер оқып, әсерлі ән мен күй орындады, сахналық көріністер қойды. Әрбір нөмірде ана тілге деген мақтаныш, сүйіс-пеншілік пен құрмет айқын се-зілді. Сондай-ақ оқушылар мен жас зерттеушілер өзбек тілінің бай тарихына, ұлы ғұламалардың мұрасына, тіліміздің қадір-қасие-тіне арналған мазмұнды баянда-малар жасады. Бұл арқылы олар тілдің ұлт руханиятындағы орнын және оны сақтау қажеттігін тағы бір рет еске салды.

Жиында сөз сөйлеген депу-таттар тілдің қоғамдағы және ұлт өміріндегі маңызын ерекше атап өтті.

— Өзбек тілі — біздің ұлттық



болмысымызды, рухани дүние-мізді айқындайтын баға жетпес қазына. Тілді сақтау, оны дамы-ту және келер ұрпаққа жеткізу — баршамыздың қасиетті пары-зымыз, — деді депутаттың бірі.

Өзбек тіліне мемлекеттік мәртебе берілгеніне 36 жыл то-луы — жай ғана тарихи күн емес, бұл ұлт рухының, халықтың өзін-өзі тануы мен қадірлеуінің ныша-ны. Тіл — әрбір елдің жаны,

мәдениетінің айнасы, тарихы-ның тірі куәсі. Сондықтан ана тілін қадірлеу — өткенге тағзым, бүгінге жауапкершілік, бола-шаққа сенім.

Бүгінгі таңда мемлекет тара-пынан тіл саясатын жүйелі дамы-ту, жас ұрпақ бойында тілге де-ген сүйіспеншілікті арттыру, тіл мәдениетін қоғам өмірінің бар-лық саласында орнықтыру бағы-тында атқарылып жатқан жұмыс-тар — болашақтың берік іргета-сы іспетті. Өзбек тілі бүгінде елімізде ғана емес, керісінше, бүкіл түркі дүниесінде, халықара-лық аренада өз орнын табуға қадам басып келеді.

Аққорған ауданында өткен мерекелік шара да осы үлкен мақсаттың шағын, бірақ мағына-лы көрінісі десек, артық болмас. Мұндай іс-шаралар арқылы жас-тардың бойында ұлтқа деген мақтаныш, тілге деген құрмет оянады. Өйткені тілін құрметте-ген халық — ешқашан өз болмы-сын жоғалтпайды.

Алдағы жылдары өзбек тілі ғылым мен білімнің, мәдениет



Кәсіпкерлікке — кең жол

## ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІ АРТУДА

Жызақтағы антифриз шығаратын компания экспортты кеңейту мақсатында салық қызметкерлерімен ашық диалог өткізді.

Жызақ облыстық Салық басқармасының басшысы Бобир Исмаилов Пахтакор ауданындағы “WORLD TRADING COMPANY” жа-уапкершілігі шектеулі се-ріктестікте болып, оның қызметімен, өндірістік үде-рістерімен, экспорттық әле-уетімен танысты. 2020 жыл-ғы 29 майда жұмыс бас-таған серіктестікте бүгінде 100-ге жуық пахтакорлық тұрғын жұмыс істейді.

Кәсіпорын автокөлік қоз-ғалтқыштарын суыту жүйесі-не арналған “Феликс”, “Вер-текс” және “X-Cool” сериа-лы антифриз өнімдерін шы-

ғарады. Олар 1, 2, 3, 5 және 10 литрлік ыдыстарға құйы-лып, кәсіпорын айына шама-мен 4,5 миллиард сумның өнімін шығарады. Дайын өнім ішкі базарда ғана емес, Қазақстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Түркия сияқты ел-дерге де экспортталады. Кездесу соңында Бобир Ис-маилов кәсіпорынның тұрақ-ты жұмысын тиімдірек ету бойынша практикалық ұсы-ныстар берді.

Осы күні Пахтакор ауда-нындағы политехникалық колледжде кәсіпкерлермен ашық диалог өтті. Ондағы мақсат — кәсіпкерлік қыз-

метте кездесетін пробле-маларды олардың өз аузы-нан естіп, практикалық ше-шімдерін табу. Шараға Жызақ облыстық Салық де-партаментінің басшысы Б.Исмаилов бастаған тиісті ұйымдардың өкілдері қа-тысты. Салық мәселесі бойынша нақты да ашық ұстаным айтылып, кәсіп-керлердің пікірлері мұқият тыңдалды.

Жызақ облысындағы мұндай сапарлар мен диа-логтар тауар өндірушілер мен кәсіпкерлерге қосым-ша мүмкіндіктер туғызып, өңір экономикасының тұрақты дамуына ықпал етуде.

**Рүстем ТӨЛЕНОВ,**  
**“Нұрлы жолдың”**  
**меншікті тілшісі.**  
**Жызақ облысы.**

көпқабатты үйлерде немесе айналасында төтенше жағдайлар туындағанда өрт қауіпсіздігі қызметкерлеріне қиындық туғызады. Мұндай кері жағдайларға себеп болатын жайттардың алдын алу барысында сала қызметкерлері тұрғындармен түсіндіру істерін жүргізіп келеді. Апатты болдырмау, оның алдын алу, айналың қауіпсіздігін сақтау сала мамандарымен бірге азаматтардың қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөлуіне де байланысты.

**О.БАРАТОВ,**  
Сіргелі аудандық ТЖБ 9-ӨҚҚ-ның ауысым басшысы.

Көркемөнер

## ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ

Өзбекстан мемлекеттік консерваториясының Нөкіс филиалында “Академиялық ән орындаушылық” атты оқу құралының тұсаукесері өтті.

Тұсаукесерге қатысқан проф-фессор-оқытушылар, вокал өнері саласының мамандары филиалдың “Жалпы кәсіптік және әлеуметтік-гуманитар-лық пәндер” кафедрасының аға оқытушысы, “Отан жана-шыры” төсбелгісінің иегері Бағдауіл Жақсымұратованың авторлығымен шығарылған бұл оқу құралы вокал шығар-маларының тарихы, орындау тәсілдері, вокалды орындау техникасына қатысты мәлімет-тер, музыкалық шығармалар,

жаттығулар, вокализдер, ариялар, халық әндері, тағы басқа да мәселелер талқылан-ғанымен маңызды екенін атап өтті.

Оқу құралы академиялық ән өнері мамандығының студент-теріне арналған болып, тиісті бағыттың оқу бағдарламасы негізінде құрастырылған. Онда бұл оқу құралы вокал шығар-маларының тарихы, орындау тәсілдері, вокалды орындау техникасына қатысты мәлімет-тер, музыкалық шығармалар,

өнері дамыған бүгінгі кезеңде бұл оқу құралы студенттері-міздің эстетикалық және көркемдік талғамын тәрбие-леуге үлкен көмек береді, — дейді филиал директоры Р.Ал-ланбаев. — Әріптестерімізді жана кітаптың жарық көруімен шын жүректен құттықтай оты-рып, Б.Жақсымұратованың алдағы шығармашылық жұ-мыстарына табыс тілейміз.

Кітап таныстырылымы во-кал өнері: академиялық әнші-лік мамандығының дарынды студенттерінің орындауын-дағы жанды концерттік бағ-дарламамен жалғасты.

**Тілеухан ШӨМЕКОВА,**  
**“Нұрлы жолдың”**  
**меншікті тілшісі.**

Ауыл шаруашылығы

## МОҢҒОЛИЯДАН “АСЫЛ” ТҰҚЫМДЫ ҚОЙЛАР ӘКЕЛІНДІ

Өзбекстан Республикасы Президентінің Моңғолияға жоғары деңгейдегі сапары аясында ауыл шаруашылығы және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету салаларында қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру мақсатында Нұрата ауданына “Баят” тұқымды саулық қойлар әкелінді.

Науаи облысының әкімі Нормат Турсунов тиісті жауаптылармен бірге Нұрата ауданына барып, Моңғолиядан әкелінген қойлардың жағдайымен және бейімделу үдерістерімен та-нысты.

Бұл тұқым облыстың климаттық жағдайына бейімделуімен, жоғары өнімділігімен және асыл тұқымды қасиеттерімен ерекшеленеді. Акционерлік коммерциялық “Халқ банк” Нұра-та банктік қызмет көрсету орталығынан тара-пынан бөлінген 1,5 миллиард сум қаржы есе-бінен “Нұрата Қарақөл асыл тұқымды мал ша-руашылығы” жауапкершілігі шектелген қоғамының бастамасымен алғашқы кезеңде

750 бас аналық қой әкелінді.

Жалпы алғанда, ауданға 10 мың бас “Баят” қойларын әкелу жоспарланған, бұл арқылы мал шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту және жергілікті тұрғындардың экономикалық мүддесін кеңейту көзделген.

Бұл бастама елімізде асыл тұқымды қой ша-руашылығын дамытуға, ішкі базарды жоғары сапалы өніммен қамтамасыз етуге және экс-порттық әлеуетті арттыруға қызмет етеді.

**Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,**  
**Науаи облысы, Нұрата ауданы.**

Ата-мекен...

# БІР АУЫЛДЫҢ КӨНЕ ТАРИХЫ

Туып-өскен ауылыңды Мысыр қалаларынан артық көрсеп көресің де, кем көмейсің. Себебі өз ауылыңда еркінсің, тіпті көршілеріңнің күшігіне дейін сені жатырқамайды. Ойлы-қырлы жолдар, жайқалған шөп-шалам, кең жайылымдардағы қоян соқпақтар — бәрі-бәрі ауылыңның өзіне тән көркі, құпия сұлулығы болып саналады. Сондықтан жол-жөнекей жаяу жүріп ойыңды билеп алған төтті сезімдер ойыңа ой қосып өз ауылым, өз бауырым деп еріксіз қуантады.

Себебі туған жерге деген сүйіспеншілік, ата-бабалары-мыздың өмір тарихы, ерлік істері, даналық сөздері өнеге болып келген. Тарихта аты аңызға айналған ұлы тұлғалар, жер, су атауларының пайда болу тарихы бәрі адамды ізгі-лікке жетелейді.

Кішкентай болса да біздің ауылымыздың үлкен тарихы бар. “Жаңа қала” ААЖ бұл атау-дың өзі өткен дәуірден хабар беріп тұрады. Ал Өтеш батыр бабамыз өзінің ерлігімен данқы жайылған, жыраулар дастан етіп жырлап 100 том-дық фольклордан орын алған тарихи тұлға.

“Жанақала” қорғаны туралы түрлі аңыз-әңгімелер өте көп. Біреулер бұл қорғанда Хиуадан көш тартқан керуендер тоқтап өткен десе, ал тағы біреулер Өтеш батыр яумыт басқыншы-ларынан қорғану үшін салдыр-ған деседі.

Сондықтан “Жанақала” қор-ғаны не үшін осы жерден са-лынды?” деген сұраққа жауап іздеп, үлкендерден естіген және басқа да деректерден жинаған бірқатар мәліметте-рімді жазуыма тура келді.

“Жанақала” қорғаны XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Шоманай бектігінде

орналасқан болып, ол сол кез-дегі Хиуа хандығы қол астын-дағы қарақалпақтардың белгілі орындарының бірі болған. Бұл жер халқымыздың қолөнері, ауыл шаруашылығы және басқа да өнімдерінің басқа заттармен алмасуына қызмет еткен.

XIX ғасырдың 60-жылдары Шоманай сусыз құрғап қалған, осыған байланысты “Жанақа-ла” “Кіндікөзек” шіркет шару-ашылығының аумағындағы “Кіші Таллық” өзенінің бойына көшіруге мәжбүр болған. Бұл жерден “Жанақала” құрылы-сын салуға қарақалпақтың төрт биі басшылық еткен.

Осы “Жанақала” қорғаны манындағы ауылда ұзақ жыл-дар тұрған ұстазымыз Рза Има-матдинов, 1963 жылы көршісі Ыйсакұл қарттың үйінде Сар-қан деген қарттан естіген мына әңгімені айтып берген еді.

— Мен “Жанақала” қабыр-ғасын өргенде атқосшы едім. Арбамен топырақ тасыдық, жұмыс өте ауыр болды, танның атуы, күннің батуы демей, адамдар тынымсыз балшық тасыды, қала қабырғасын төрт би тұрғызды, — деген екен Сарқан ата.

Ал 1860 жылы туылған Сме-тулла Аметов атаның әңгімесі-не қарағанда, Жанақаланы са-

лып жатқанда ол 14 жастағы бала екен. Қаланы салуға көп адам жиналған. Қала төрт-бұрышты болып, солтүстік жа-ғына кіші қақпа, оңтүстік жағы-на үлкен қақпа салынған. Қала-ның ішіне шайхана, ат қора, тас құдық салынып, хауыз қазылған.

“Біздер сонда пахсаның үстінде жүгіріп ойнап жүретін едік. Қаланың солтүстігінде Кіші Таллық өзені болып, өзен-де қайықтар мен кемелер жүретін. Қаланы төрт би: Шәрі-бай беклербегі, Құттымұрат бек, Қасжан бек, Жүсіп бектер бектер тұрғызды”, деген екен Ахмет ата.

Ал кейінгі уақытта жауынгер-лердің, ел тонаушылардың шабуылынан қорғану үшін, Өтеш батырдың басшылығы-мен қаланың үстіңгі қабырғасы тұрғызылған. Үстіңгі қабырға өрнекті пахса болып, үстімен нөкерлер жүретін ұлған,— дейді Ахмет атаның немересі Сұлайман Раметов.

Жазба деректерге қараған-да, XIX ғасырда Орта Азия ха-лықтары сауда қатынастарын дамытқан, тіпті 1722 жылы қарақалпақтар Ресейге мың түйеден тұратын сауда керуе-нін жіберген.

XIX-XX-ғасырларда Хиуаны Ресеймен байланыстыратын керуен жолы Қонырат, Хожейлі және көне Үргеніш қалалары арқылы өткен. Осыған байла-нысты халқымыз Жанақала қорғанын осы керуен жолының бойына салған.

1899 жылы 2 ноябрьде орыс экспедициясы өлкемізді зерт-теу үшін Қонырат қаласына келген. Экспедиция мүшесі М.Н Чернычевскийдің күнделік дәптерінде “Жанақала” қорға-ны үлкен төртбұрышты болып,

ортада қақпа болғаны және ол Қонырат пен Хожейлі аралы-ғында “Кіндікөзек” каналының бойында Әмудариядан бір ша-қырымдай жерде орналасқаны туралы деректер жазылған.

Мен бұл мақаланы жазба деректерге және үлкендердің әңгімелеріне сүйене отырып жаздым. Соны да айтып өту қажет, қорған жайлы мәлімет-тер жазба деректерде аз кез-деседі. Себебі, 30-жылдары ата-бабаларымыздан қалған мұра — халқымыздың бірегей тарихи ескерткіштерінің белгілі бір бөліктері жоғалып кеткені белгілі. Сондай-ақ халқымыз-дың тарихы, мәдениеті мен әдебиетінің араб, парсы әріп-терінде жазылған көптеген шы-ғармалары өртеліп, жойылған.

Соның жылдары еліміз тә-уелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық тарихымыз, салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып, ата-бабаларымыздың жүріп өткен даңқты жолдары, баға жетпес мұраларын зерттеп, оларды кейінгі ұрпаққа жеткі-зуге мүмкіндіктер жасалуда.

Сондықтан осы мүмкіндік-терді пайдалана отырып, “Жа-нақала” қорғаны туралы шын-дықты тереңірек білуге қол жеткізсек деген ниеттемін. Себебі бұл біздің кейінгі ұрпақ-тарымыз үшін өте үлкен білім-тәйебиеліқ маңызға ие деп ой-лаймын. Ұстаз ретінде оқушы-ларыма ауылымыздың тари-хын үйретіп, туған жерге деген сезімін арттыруды міндетім деп білемін.

**Шарапатдин ТӨЖІМҰРАТОВ,**  
**Қарақалпақстан**  
**Республикасы Қанлыкөл**  
**ауданы, №11 жалпы орта**  
**білім беретін мектептің**  
**тарих пәні мұғалімі.**

Құрмет

100 ЖАС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Мейірім-шапағат, еңбек және жанкүйерлікпен өткен бір ғасыр. Кейіпкеріміздің өміріндегі әрбір күн — үлгі, әрбір естелік — тарих. Юнусабад ауданындағы “Ақ төбе” махалласының мақтанышы, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, нағыз отаншыл және еңбек жанкүйері Тулаған Имомов ақсақал осындай абыройлы өмір жолын басып өткен жандардың бірі. Оның 100 жасқа толған құтты мерейтойы — тек махалла ғана емес, бүкіл аудан тұрғындары үшін ұмытылмас мереке болды.



Тулаған ата өмірін Отанға қызмет етуге, елдің өркендеуіне үлес қосуға арнаған. Ол соғыс жылдарында қан майданда ерлікпен соғысты, ал бейбітшілік жылдарында адал еңбегімен, тынымсыз әрекеттерімен ел дамуына өз үлесін қосты. Бүгінде оның өмір жолы — жастар үшін үлгі мектебі, жанкиярлықты нышаны. Ақсақал бейбіт және көркейген елімізде балаларының, немере-

лері мен ел-жұртының махаббатымен өмір сүруде. Мерейтойға орай “Ақ төбе” махалласының зиялылары, белсенділері мен мемлекеттік ұйымдардың өкілдері атаның үйіне барды. Атап айтқанда, Халық депутаттары Юнусабад аудандық кеңесінің депутаты, аудандық “Нуроний” қорының төрағасы И.Ашрапова, аудандық “Инсон” әлеуметтік қорғау орталығының басшысы Ф.Зохи-

ва, махалла төрағасы, депутат Н.Усмонов, сондай-ақ “Қарттар кеңес тобының” мүшелері. Олар ақсақалға шынайы құттықтаулар жолдап, естелік сыйлықтарын табыс етті.

— Қарттарға көрсетіліп жатқан қамқорлық — бұл бүкіл қоғамда адам қадірін ұлықтау саясатының көрінісі. Мұндай адамдар халықтың рухын көтеріп, жастарға үлгі болады, — деді депутат И.Ашрапова өз сөзінде.

Жүзі нұрлы ақсақал қонақтарды жүрегінен шыққан жылы сөздерімен шынайы қарсы алды. — Бүгін еліміз тыныш, жұртымыз абад. Біз, қарттарға көрсетіліп жатқан қамқорлық, халқымызға жасалып жатқан жағдай үшін Президентімізге алғыс айтамын. Алла елімізге әрдайым тыныштық берсін, — деді ол, батаға қол жайып. Бұл сөздерде бір ғасырлық өмірлік тәжірибе, алғыс пен шүкіршілік сезімдері жатқанын шынайы сезіндік.

Қорыта айтқанда, Юнусабадтың мақтанышына айналған Тулаған ақсақалдың өмірі — отансүйгіштіктің, сабыр мен еңбектің жарқын үлгісі. Оған көрсетілген құрмет — өткенге құрмет, болашақ ұрпаққа үлгі мектебі. Мұндай адамдардың батасы — елге береке, жұртқа тыныштық әкелмек.

Осы орайда, біз де Тулаған атаны жүз жасқа толған құтты мерейтойымен шын жүректен құттықтап, ғұмырыңыз ұзақ, денсаулығыңыз мықты болсын дейміз!

Әлия ӘБДІРАХМАНОВА,  
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Құндылық

Жуырда Өзбекстан Халқаралық исламтану академиясында “Түркі тілдес мемлекеттердің философиясы, мәдениеті, байланыстары: тарих, бүгін және келешегі” атты VI халықаралық симпозиум өтті. Аталған жиынға Түркия, Малайзия, Қазақстан, Швеция және Ұлыбритания сынды мемлекеттерден белгілі ғалымдар қатысты.



Жалпы мәжілісті академия профессоры, тарих ғылымдарының докторы Илхомжон Бекмирзаев пен философия ғылымдарының докторы, доцент Шухратжон Раджабов жүргізді. Олар түркі халықтары арасындағы тарихи, мәдени және рухани байланыстарды нығайту бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екенін атап өтті.

Түркияның Стамбул университетінен келген доктор Кемал Явуз Атаман өз баяндамасында түркі мемлекеттерінің тарихтағы ізгілік, әділет пен өркениетке қосқан үлесін сөз етті. Ол түркі халықтары тек саяси ғана емес, рухани тұрғыдан да әлем өркениетіне айрықша ықпал еткенін айтты.

Малазия университетінің профессоры Шейла Айнун Юссоф исламдық қаржы жүйесінің дамуы және түркі мемлекет-

терінің бұл саладағы тәжірибесі жайында баяндады. Оның пікірінше, экономикалық адалдық пен әлеуметтік әділеттілік — түркі дүниесінің ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы.

Швецияның Лунд университетінің доценті Рустамжон Уринбоев исламдағы басқару социологиясы мен әлеуметтік — құқықтық тәсілдердің үйлесімі жөнінде баяндама жасады.

Түркияның Қырыққала университетінің профессоры Гүлдана Гүндзевез өз сөзінде Кожә Ахмет Яссауи ілімінің мысалында түркі халықтарының рухани бірлігін ашып көрсетті. Ол Яссауи идеялары бүгінгі күні де түркі халықтарын біріктіретін рухани күш болып отырғанын атап өтті.

Ұлыбританиядан келген профессор Сухайл Ханиф Имам Маргинани мұрасының ханафи-лік мазһаб дамуы мен ислам



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ

құқығындағы орнын баяндады. Ол бұл баға жетпес мұра қазіргі заман үшін де аса өзекті екенін айтты.

Қазақстандық зерттеуші Айман Бейсембаева Орталық Азияда дінтану білімінің жаңа деңгейге көтерілуі мен аймақтық ғылыми және ынтымақтастықтың күшеюі туралы баяндама жасады.

Симпозиум соңында қатысушылар түркі мемлекеттері арасындағы мәдени, ғылыми және рухани байланыстарды одан әрі нығайту, жас ұрпақты тарихи тамыр рухында тәрбиелеу

және тұрақты даму жолында қызмет ететін ортақ құндылықтарды сақтау қажеттігін ерекше атап өтті.

Аталған халықаралық шара түркі әлемі ғалымдарының өзара пікір алмасуы мен ғылыми ынтымақтастығын нығайтуға, сондай-ақ достық байланыстарды тереңдетуге үлкен серпін берді.

Бақыт БАЙЖОЛ,  
Өзбекстан Журналистика және бұқаралық коммуникациялар университетінің 2-курс студенті.



Бізден де бір пікір

ОҚУЛЫҒЫҢ ОСАЛ БОЛСА, ОҚУШЫҒА КІНӘ ТАҚПА!

Соңғы жылдары мемлекетіміз жаңа буын оқулықтарының қайта баспаға дайындау мәселесіне қатты көңіл бөлуде. 2020 жылдан бастап, елімізде жалпы орта білім беретін мектептер үшін “Қазақ тілі”, “Әдебиет” пәндері бойынша басқышпа-басқыш жаңа буын оқулықтары жарық көрді, оларға қосымша мемлекеттік тапсырыс негізінде оқу-әдістемелік кешендер даярланды.

Енді, сұрақ туындайды. “Оқулықтар қалай жазылуда?”, “Қазіргі оқулықтар мұғалім мен оқушылардың талғамын қанағаттандыра ала ма?”, “Оқу сапасын арттыруда жаңа буын оқулықтарының көне оқулықтардан айырмашылығы неде?” т.б. Бүгінгі күнде дәл осы сұрақтар төңірегінде талас жоқ емес. Қазір кез келген мұғаліммен оқулық жайлы сөз ашсан болды, мақтаудың орнына, сын айтқанының куәсі боламыз. Дұрыс, сын айту кімге де болса, оңай. Дегенмен сын айтып жатқан адамның өзі “сын” өз не екенінен хабары жоқ сияқты. Бар тапқаны оқулықтың кемшіліктерін баса айтады. Сын деп соны түсінсе керек. Оқулықтың кемшіліктерін санау сын емес, керісінше жетістігін көрсете алу — нағыз сын. Оқулықтардың кемшіліктері жайлы сөз қозғағанда “сын” сөзінің орнына, “ескерту” сөзін қолданса құба-құл болар ма еді.

Енді, негізгі мақсатқа көшсек. Менің негізгі мақсатым — бүгінгі баспа бетін көрген “Әдебиет” оқулықтары жайлы бір ауыз сөз айту. Түсіне-

мін, оқулық жазу оңай шаруа емес. Өзім де автормын. “Әдебиет” оқулықтарында берілген көркем шығарма үлгілерін оқытудағы кемшіліктерді талдаудағы мақсат — қажырлы еңбек пен машақат нәтижесі болған оқулықтарды немесе оқулық авторларына ескерту емес, керісінше, бұл мәселеге байланып қарауға шақыру. “Адамның жасағанын адам жасайды” деп, бас салып әрекетке түсудің алдын алу.

Сапалы оқулық жазу — сапалы бағдарлама жасаудан басталады. Кез келген оқулық бағдарлама негізінде жазылады. Сапалы оқулықтың түп-төркіні бағдарламада. Дегенмен, бұл бөлек әңгіме. Негізгі мақсатымызға қайтсақ. Біздің мақсатымыз оқулыққа енген көркем шығармалар мен оларды меңгеру үшін жасалған сұрақ-тапсырмалар жайлы болмақ. Берілген көркем шығармалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келе ме? Олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыра ала ма? Сұрақ-тапсырмалар көркем шығарманың мазмұнын жай ғана

қайталау үшін жасалған ба? Әлде оқушыларды өз бетінше ойлауға, қорытынды шешім қабылдауға итермелей ме? Яғни, баспа бетін көрген оқулықтардың сапасы қандай? Оқулыққа енген көркем шығарма үлгілері оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырын түсінуге көмектесе ме? Әлде әдебиеттен алыстата ма?

Қазіргі әлем педагогикасындағы ең үлкен өзгерістердің бірі — ақпаратты мұғалімнен емес, оқушы өз бетінше іздену арқылы оқулықтан алу керек. А.Байтұрсынов айтқандай: “Бала білімді тәжірибе арқылы өзі-дінен алу керек”. Оқушы бұғын мұғалім не айтады екен деп емес, өзінің тәжірибесі арқылы өз бетінше оқығаны жөн. Ал оқушыны ақпаратпен қамтамасыз ететін басты құрал бұл — оқулық. Егер оқулық оқушыны жаңа ақпаратпен қамтамасыз ете алмаса, оқушыны өмірге бейімдей алмаса, онда ол оқулықтың сапасы қандай болмақ.

Біз кейде: “Мұғалімдер оқыта алмайды. Бұған өздері кінәлі...”, — дегенді естіп жатамыз. Бірақ оқулық жақсы болса, мұғалім неге қиналады? “Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады” демекші, мұндай жағдайда бір шешім айту өте қиын. Сонда еріксіз түрде мына сөз еске түседі “Шапалақ екі қолдан шығады”. Дегенмен, айыпты мұғалімге, болмаса оқулыққа төңкеріп отыра берсек, мәселе не болмақ. Онда мәселе “баяғы жартас, сол жартас болып қала береді”. Келіңіздер, айыпты мұғалімнен емес, оқулықтан іздеп көрейік. Біріншіден, сол мұғалімді өзіміз жоғары оқу орындарын-

да дайындап жатқан жокпыз ба? (оқулық авторларының көпшілігі жоғары оқу орындарында жұмыс жасайды) Екіншіден, өз тәжірибемнен келіп шығып соны айтамын, “Әдебиет” пәнінен студенттер педагогикалық практиканы өтеу барысында сынақ және ашық сабақ өтуде қиындықтарға кез болды. Өкінішке орай, бұл қиындық сабақты ұйымдастыруда емес, оқулықтағы берілген материалды оқушыларға жеткізіп бере алмауында.

Енді, ойымызды нақтылай түсу үшін жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған “Әдебиет” оқулығынан бастасaq. Өкінішке орай, менің қолымда оқулықтың баспадан шыққан қағаз варианты жоқ. “Respublika ta’lim markazi/Rasmiy” телеграм каналына 2025-2026 оқу жылы үшін оқулықтардың электронды нұсқалары жарияланған, сол арнадан жүктеп алдым. Оқулық 2024 жылы “Novda Edutainment” баспасынан шыққан. Оқулық 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімнің көлемі — 98 бет. Ең алдымен менің назарымды тартқан нәрсе — оқулық құрамы. Авторлар ұжымы оқулықты жасауда халық ауыз әдебиеті үлгілерін беруден бастайды. Әдебиет екіге бөлінеді — ауызша және жазбаша әдебиет деп оқушыларға ұқтарады. Бірақ оқулықтың мазмұнын жасауда авторлар бір қағиданы ұстануды ұмытқан сияқты. Ойымызды дәлелдеу үшін бір-екі мысал келтіре кетсек. Оқулықтың мазмұнына назар салсақ, бастапқыда халық ауыз әдебиеті туралы түсінік, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жанылтпаштар, өті-

рік өлеңдер, аңыз-әңгімелер оқытылып келеді де, бірден жазба әдебиетке көшеді, Ахмет Байтұрсынұлының “Егіннің бастары” мысал өлеңі, Хамит Әлімжаннның “Өзбекстан” өлеңі берілген, одан соң тағыда ауыз әдебиеті үлгілерінен халық ертегілері “Үш батыр”, “Керқұла атты Кендебай” ертегісі, сондай-ақ Әбділда Тәжібаевтің “Толағай”, Джанни Родаридің “Үре алмайтын күшік” әдеби ертегілерді оқытумен жалғасады. Менің ойымша, бастапқыда халық ауыз әдебиеті үлгілері мен әдеби ертегілер оқытылып, одан соң жазба әдебиет өкілдеріне көшсе нұр үстіне нұр болатын еді.

Сондай-ақ, жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылығын оқытуда да дәл осындай кемшілік бар. Кез келген ақын-жазушының өмірі мен шығармашылығы жайлы ақпар берілгенде ол жасаған дәуір туралы мәлімет беріледі. Одан соң бір дәуірде жасаған ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы бірізділікпен оқытылады. Оқулыққа назар салайық, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын оқытудан соң бірден өзбек балалар әдебиетінің өкілі Құдайберді Токтабаевтың “Сары дәуді мініп” романынан үзінді берілген. Одан соң Абай, Сәкен, Мағжан, Мұхтар, Сәбит т.б. шығармашылығы енгізілген. Көріп тұрғанымыздай бұл жерде де бірізділік сақталмаған. Ыбырай мен Құдайберді Токтабаев екеуі екі түрлі дәуірде, екі түрлі қоғамда өмір сүрген. Екеуін бір-бірімен салыстырудың қисыны келмейді. Одан тыс, Құдайберді Токтабаевтың “Сары дәуді мініп” ту-

ындысы әңгіме емес, роман. Сондықтан ол әңгіме емес, романнан үзінді деп берілуі керек. Немесе өзбек әдебиетінде берілгендей алынған тараудың атауын (“Сикырлы қалпақ”) берген дұрыс. (Егер оқулық басқа сыныптардың оқулығы сияқты тарауларға бөлініп құрастырылғанда түсінсе болар еді).

Енді, оқулықтағы 8-бетке назар аударамыз. Бұл бетте тұрмыс-салт жырлары тақырыбына байланысты материалмен қоса сурет те берілген. Менің назарымды тартқан нәрсе суреттегі жануарлардың көрінісі. Суретте сиыр, ешкі және тауық берілген. Бізге белгілі, тұрмыс-салт жырларының бір түрі — төрт түлікке байланысты өлең-жырлар. Қазақ халқы негізінен төрт түлік мал дегенде сиыр, жылқы, қой, түйе, ешкі сияқты жануарларды түсінген. Ал енді не үшін тауықтың суреті берілгені түсініксіз. Егер оқушы тауықты төрт түлікке жата ма деп сұрақ берсе, мұғалімнің қандай күйге түсері айдан анық. Тауық — қазақтың ұғымындағы төрт түлікке кірмейді. Дегенмен балаларға арналған тапқақтар мен санаматтарда, мақал-мәтелдерде, жанылтпаштарда кездеседі.

Оқулықтың 20-21 бетінде “Тойбастар жыры” тақырыбы берілген. Тақырыпты өтерден алдын біз бұл тақырыпта нені үйренеміз, деген мақсатта таныстыру сұрақтары берілген. Үшінші таныстыру сұрағы көпшілікке қызық түйілсе керек. Яғни, сұрақ төмендегіше: “Бүгінгі тойбастар жырларымен салыстырамыз”. Оқулықта кешегі тойбастар жыры туралы үзінді берілген. Бірақ бүгінгі тойбастар жыры туралы үзінді таппайсың. Енді, оқушы кешегі тойбастар жыры мен бүгінгі тойбастар жыры қалай салыстырады.

(Жалғасы бар.)

Н.АБДУВАЛИТОВ

Нұрлы жол

Баспа - жетекшілік, қорғау - қамқорлық

Құрылтайшылар:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі  
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан  
Республикасы Олий Мажлисі Сенатының  
Кеңесі және Өзбекстан Республикасы  
Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3697

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғарасмен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2310-6343

9 772310 634001

Кезекші редактор: Айгүл ТЕШЕБАЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@gmail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турун” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 1026.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 02.20 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738